

«Бекітемін»

№ 2 жалпы білім беретін мектебі» КММ директоры

ІІІ.Бекмаганбетова



"Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімінің
Атбасар қаласының №2 жалпы білім беретін мектебі" КММ
сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет
ЕРЕЖЕСІ

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар негізінде жасалды. Қазақстан Республикасы Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасы А. Ж. Шпекбаевпен 2020 жылғы 30 желтоқсанда бекітілген

Атбасар қ.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес "Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімінің Атбасар қаласының №2 жалпы білім беретін мектебі" КММ үшін өзірленді.

2. Осы Ережеде мынадай мағынадағы ұйымдар қолданылады:

- 1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс - тиісті ұйымның және оның қызметкерлерінің квазимемлекеттік сектор субъектісі бөлімшелерінің біріне жүктелетін Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын қамтамасыз ету жөніндегі функция;
- 2) квазимемлекеттік сектор субъектілері-мемлекеттік кәсіпорындар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар, оның ішінде құрылтайшысы, қатысуышысы немесе Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олармен ұлестес болып табылатын еншілес, тәуелді және өзге де занды тұлғалар;
- 3) мұдделер қақтығысы-жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте аталған адамдардың жеке мұдделері олардың өздерінің лауазымдық міндеттерін орындаудына және (немесе) тиісінше орындаудына әкеп соғуы мүмкін;
- 4) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық-занда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыйбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінелі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);
- 5) Сыйбайлас жемқорлық тәуекелі-сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;
- 6) Сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу-сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін өзірлеу және енгізу жолымен сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі.

3. Бұл ереженің мерзімі шектелмейді. Ереже жаңасы қабылданғанға дейін қолданылады.

2. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің мақсаттары, міндеттері мен қағидаттары

4. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл туралы заңнамасына және квазимемлекеттік сектор субъектісінің ішкі құжаттарына (бұдан әрі - сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет) сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелер айқындалады.

5. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметтінің негізгі мақсаты тиісті ұйымның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыйбайлас

жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

6. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері:

- 1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеуші талаптардың және үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;
- 2) "Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі-зан) сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;
- 3) Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және қайта бағалау;
- 4) занға сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асуру.

7. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асуру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алу ұсынылады:

- 1) квазимемлекеттік сектор субъектісі басшылығының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне мудделілігі;
- 2) Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттерін орындау үшін қажетті өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;
- 3) Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалаудың жүйелілігі;
- 4) Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметтіңін ақпараттық ашықтығы;
- 5) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асурудың үздіксіздігі;
- 6) Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру.

3. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметтің ұйымдастыру тәртібі

8. Квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшесіне сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүктеу туралы шешімді басшы қабылдайды

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы тиісті акт квазимемлекеттік сектор субъектісінің реңми интернет-ресурсында орналастырылады және ұйымның барлық қызметкерлерінің назарына жеткізіледі.

9. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асуруға тартылған квазимемлекеттік сектор субъектісі қызметкерлерінің санын ұйымның штат санына қарай және ұйымның барлық бөлімшелерінде, оның ішінде еншілес ұйымдарда, филиалдарда, өкілдіктерде және квазимемлекеттік сектор субъектісінің өзге де оқшауланған бөлімшелерінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функциялары мен міндеттерін тиімді орындау үшін қажетті мөлшерде айқындау қажет.

10. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің алқалы органға (бар болса) немесе Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы нормаларының сақталуын бақылауды жүзеге асуруға уәкілетті өзге тұлғага есептілігін қамтамасыз ету ұсынылады.

11. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметкерінің функционалдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі оның лауазымдық нұсқаулығында не қызметкердің қызметтік құқықтары мен міндеттерін айқындайтын өзге де құжаттарда

айқындалуға тиіс.

12. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке мынадай функциялар жүктелсін:

- 1) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі құжаттарды әзірлеу;
- 2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс саласындағы стандарттар мен саясатты әзірлеу және езектендіру;
- 3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізу;
- 4) мұдделер қақтығысын анықтау, мониторингілеу және реттеу жөнінде шаралар қабылдау;
- 5) Занға сәйкес мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдарға теңестірілген адамдар санатына жататын білім беру үйымы қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауы мәніне мониторинг жүргізу;
- 6) корпоративтік этикалық құндылықтарды дамыту;
- 7) Білім беру үйымы қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ корпоративтік Өдеп кодексін (бар болса) сақтауын бақылау;
- 8) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері туралы ақпаратты жария ашуды қамтамасыз ету;
- 9) сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізу және / немесе оларға қатысу;
- 10) квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тәмендету жөніндегі жұмысты үйлестіру;
- 11) квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жәрдем көрсету;
- 12) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерге мониторинг және талдау.

13) квазимемлекеттік сектор субъектісі жасасатын азаматтық-құқықтық шарттарға, оның ішінде шарт тараптарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама, Іскерлік әдеп және парасаттылық нормаларын, адал бәсекелестік қағидаттарын міндетті түрде сақтауын көздейтін ережелерді сатып алу туралы шарттарға енгізуі қамтамасыз ету.

13. Жүктелген міндеттерді іске асыру үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке мынадай құқықтар мен міндеттерді ұсыну:

- 1) үйымның ішкі құжаттарымен регламенттелген бекітілген рәсімдер шеңберінде квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын материалдарды сұратуға және алуға;
- 2) өз құзыретіне жататын мәселелерді квазимемлекеттік сектор субъектісі басшысының немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс - қызмет есеп беретін өзге де тұлғаның (органның) қарауына шығаруға бастамашылық жасауға;
- 3) ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түсетін хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізуге бастамашылық жасауға;
- 4) Өз құзыреті шегінде мемлекеттік бағдарламалардың, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және оларды іске асыруға қатысуға;

- 5) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша[^] кеңестер үйымдастыру және өткізу;
 - 6) квазимемлекеттік сектор субъектісі және оның үлестес тұлғалары, инсайдерлік сектор туралы ақпараттың құпиялышының сақтауға міндепті.
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған Ақпарат;
- 7) Сыбайлас жемқорлықтың болжамды немесе нақты фактілері, корпоративтік Әдеп кодексін және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс мәселелері бойынша өзге де ішкі саясат пен рәсімдерді бұзу бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке жүгінген адамдардың құпиялышының қамтамасыз етуге міндепті;
 - 8) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет есеп беретін квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысын және/немесе өзге де тұлғаны (органды) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманы бұзудың болуымен немесе ықтимал мүмкіндігімен байланысты кез келген жағдайлар туралы уақытылы хабардар етуге міндепті;
 - 9) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы.

14. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке азаматтар тиісті квазимемлекеттік сектор субъектісінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігі туралы ақпаратты хабарлай алатын немесе Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізе алатын ақпараттандыру арналарын (мысалы, Сенім телефоны немесе "сенім поштасы") құру.

15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметкери мұдделер қақтығысына әкелуі мүмкін іс-шараларға (тексерулерге, қызметтік тергеулерге және т.б.) қатыспауды тиіс (өткізілетін іс-шара шенберінде қаржылық, мұліктік, туыстық немесе қандай да бір өзге де мұдделеліктердің болуы).

16. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет үйым қызметкерлерін жұмысқа қабылдау сәтінен бастап, басқа лауазымға тағайындау кезінде, сондай-ақ біліктілігін арттыру кезінде (жылына кемінде 1 рет) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарына жүйелі оқытууды қамтамасыз етуі тиіс.

Оқыту нысандарын жүргізу әдістерін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет дербес айқындауды (дәрістер, семинарлар, тренингтер).

17. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау тәртібі қолданыстағы заңнамаға сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектісінің ішкі құжаттарында белгіленеді.

18. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтерге әдістемелік және ақпараттық қолдауды Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері көрсетеді.

19. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша өткізілген іс-шаралар бойынша есеп:

1) тоқсан сайын Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет есеп беретін тұлғаға (органға), сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысына жіберілсін;

20. Квазимемлекеттік сектор субъектісіне Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жүргізіліп жатқан іс-шаралар туралы өзінің контрагенттерін, іскер әріптерін, азаматтық қоғам институттарын тұрақты негізде хабардар ету ұсынылады.